

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметалар бекіту жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 82-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 29 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2256. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 215-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 19.07.2013 № 215-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003.10.09 N 253-НҚ бұйрығымен, 2005.03.29 N 108-НҚ бұйрығымен.

Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010.04.30 N 137-НҚ бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметалар бекіту туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003.10.09 N 253-НҚ бұйрығымен, 2005.03.29 N 108-НҚ бұйрығымен.

2. "Субъектілердің тауарларына, жұмыстарына, қызметтеріне бағалар (тарифтер) бекітудің және енгізудің тәртібі туралы (Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 6 қыркүйектегі нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 881 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының 1999 жылғы N 3 нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған) Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 1999

жылғы 6 тамыздағы N 59-ОД бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (А.Т.Шабдарбаев) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін:

1) оны белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Б.Ә.Сағынтаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Т а б и ğ и м о н о п о л и я л а р д ы
р е т т е у ж әне б ә с е к е л е с т і к т і
қ о р ğ а у ж әне ж әне а г е н т т і ğ і н і н
2 0 0 3 ж ыл ğ ы 1 9 н а у р ы з д а ğ ы
N 8 2 - Н Қ б ұ й р ы ğ ы м е н
бекітілген

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметалар бекіту туралы ереже

Ескерту. Атауына өзгеріс енгізілді;

Нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша "қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды)", "қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына)" деген сөздерді тиісінше "реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды)", "реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына)" деген сөздермен ауыстырылды;

Нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша "тарифтердің", "тарифті", "тарифтер" деген сөздерден кейін тиісінше "(бағалардың, алымдар ставкаларының)", "(бағаны, алым ставкасын)", "(бағалар, алымдар ставкаларын)" деген сөздермен толықтырылды;

Нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша "осы Нұсқаулықтың", "осы Нұсқаулыққа" деген сөздер "осы Ереженің", "осы Ережеге" деген сөздермен

ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 9 қазандағы N 253-НҚ бұйрығымен, 2005 жылғы 29 наурыздағы N 108-НҚ бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметалар бекіту ережесі (бұдан әрі - Ереже) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту және енгізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 29 наурыздағы N 108-НҚ бұйрығымен.

2. Осы Ереженің мақсаттарында пайдаланылатын ұғымдар:

1) уәкілетті орган – табиғи монополия салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) құзыретті орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2-1) өңірлік электр желісі компаниясы – өңірлік деңгейде электр желісін пайдаланатын энергия беруші ұйым (бұдан әрі – ӨЭК);

3) өтінім - табиғи монополия субъектісінің қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) оның ішінде сараланған және инвестициялық тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту туралы уәкілетті органға берген ресми өтініші (арызы);

4) алынып тасталды;

4-1) салыстырмалы талдау әдісі – электр энергиясын беру және тарату бойынша ӨЭК реттеліп көрсетілетін қызметіне тариф қалыптастырудың, уәкілетті орган және электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган қалыптастырған ӨЭК тобындағы осы ӨЭК қызметінің тиімділігін салыстыруды көздейтін әдісі;

4-2) сараланған тариф – уәкілетті орган бекіткен табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған, тұтынушылардың топтары және (немесе) тұтыну көлемдері бойынша сараланған тариф;

5) төтенше реттеуші шаралар - азаматтардың өмірі мен денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүліктерін қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында уәкілетті орган қабылдайтын шаралар;

б) тарифтік смета - уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) бөлінісінде бекітетін кірістер мен шығыстардың

баптары, реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемдері туралы көрсеткіштер және уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері;

7) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) - табиғи монополия аясындағы табиғи монополия субъектісі ұсынатын және қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыға белгілі бір тауар беру түрінде ұсыну жағдайларын қоса алғанда, уәкілетті орган мемлекеттік реттеуге жататын қызметтер (тауарлар, жұмыстар);

8) тариф (баға, алым ставкасы) - табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) уәкілетті орган бекіткен құнының ақшалай көрінісі;

9) инвестициялық тариф (баға, алым ставкасы) - жаңадан құрылған объектілерде көрсетілетін табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) уәкілетті орган бір инвестициялық жобаның шеңберінде бекіткен, салынған инвестициялар толық өтелгенге дейін қолданылатын тариф (баға, алым ставкасы) немесе оның шекті деңгейі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2003.11.14 N 269-НҚ, 2005.03.29 N 108-НҚ, 2006.03.07 N 66-НҚ, 2006.07.19 N 177-НҚ, 2007.05.31. N 148-НҚ, 2010.04.30 N 137-НҚ бұйрықтарымен.

3. Уәкілетті органмен тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын), оның ішінде сараланған тарифтерді бекіту мынадай жағдайларда:

- 1) табиғи монополиялар субъектілерінің бастамасы бойынша;
- 2) уәкілетті органның бастамасы бойынша;
- 3) төтенше реттеуші шаралары ретінде жүргізіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010.04.30 N 137-НҚ бұйрығымен.

4. Тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын), оның ішінде сараланған тарифтер жобасын бекіту туралы өтінімдерді берген және шешім қабылдаған кезде, сондай-ақ тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті қараған кезде уәкілетті орган мен табиғи монополиялар субъектілері Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 30 шілдедегі № 185-НҚ бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2438 нөмірімен тіркелген) Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін (бұдан әрі - Ерекше тәртіп), сондай-ақ тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті қарау

кезінде тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын), оның ішінде сараланған тарифтерді есептеудің әдістемелерін қоса алғанда, табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар салаларындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді және бухгалтерлік есеп стандарттары, салық заңнамасы белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) жобаларын бекітуге өтінімдер беру және оны қабылдау

5. Табиғи монополия субъектісін құру немесе қайта ұйымдастыру кезінде, сондай-ақ қолданылу мерзімін шектей отырып бекітілген тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының), оның ішінде сараланған тарифтердің қолданылу мерзімі аяқталған соң табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге өтінім береді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

6. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын), оның ішінде сараланған тарифтерді өзгерту Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

6-1. Уәкілетті орган табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтің (бағаның, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің және табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік сметаларының өзгерісін тарифтер және тарифтік сметалар туралы ақпаратты тексерудің нәтижелері бойынша қорытындының негізінде бастамашылық етеді.

Ескерту. 2-бөлім 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 7 наурыздағы N 66-НҚ бұйрығымен.

7. Табиғи монополия субъектісі өзінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған өтініммен бірге тарифтік сметаны және тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей, ал инвестициялық тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекітуге арналған өтініммен – инвестициялық жобаны табыс етеді.

Уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) қайта қаралған жағдайда, табиғи монополия субъектісі экономикалық негізделген есептер мен жаңа тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту үшін өтінім берген кездегі көлемде өзге ақпаратты бір ай мерзімінде ұсынады.

Тарифтер (бағалар, алым ставкалары) төтенше реттеуші шаралар ретінде қайта қараған жағдайда, оның ішінде стратегиялық тауарлардың құнын арттыру кезінде табиғи монополия субъектісі өтініммен бірге оларға ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған тарифтік смета және тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) жобаларын ұсынады, бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы мұндай жағдайда қолданылмайды.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.29 N 108-НҚ, 2006.03.07. N 66-НҚ, 2007.05.31. N 148-НҚ, 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

8. Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге берілген өтінімге:

1) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту қажеттігі туралы түсіндірме жазба;

2) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) жобасы;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 нөмірімен тіркелген) сәйкес бекітілген нысандағы ұйымның бухгалтерлік теңгерімі;

4) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 нөмірімен тіркелген) сәйкес бекітілген нысандағы пайдалар мен залалдар туралы есеп;

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 нөмірімен тіркелген) сәйкес бекітілген нысандағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп;

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 нөмірімен тіркелген) сәйкес бекітілген нысандағы капиталдағы өзгерістер туралы есеп;

7) қаржылық есептілікке түсіндірме жазба;

8) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес бекітілген еңбек жөніндегі (1-т нысаны) есеп;

9) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес бекітілген жекелеген лауазымдар мен кәсіптер бойынша қызметкерлер жалақыларының мөлшері туралы есеп (2-Т проф);

10) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес бекітілген 1-ПФ нысаны бойынша кәсіпорынның (ұйымның) өндірістік-қаржылық қызметі туралы есеп, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін 2-МП нысаны бойынша қызметтің негізгі көрсеткіштері;

11) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес бекітілген негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтердің болуы және қозғалысы туралы есеп (№ 11 нысаны);

12) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жиынтық деректер;

13) осы Ереженің 28-қосымшасына сәйкес тарифтік сметаны, нақты шығындарды негіздейтін материалдарды қоса отырып, орындау туралы есеп;

14) дебиторлық және кредиторлық берешектерді таратып жазу;

15) өзге және басқа шығыстарды ашып көрсету;

16) бекітілген инвестициялық бағдарлама (жоба);

17) уәкілетті орган бекіткен және өтінімді қарау кезеңінде қолданылатын:

нормативтік техникалық ысыраптардың;

персоналдың нормативтік санының;

шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының техникалық және технологиялық нормаларының болуын растайтын мәлімет;

18) уәкілетті орган келіскен және өтінімді қарау кезеңінде қолданылатын:

штат кестесінің және әкімшілік персоналы басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің шекті деңгейінің (жарғылық капиталын мемлекеттің қатысуымен заңды тұлға болып табылатын немесе жарғылық капиталын мемлекеттің қатысуымен аффилиирленген табиғи монополия субъектісінің);

негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін, ағымдағы және күрделі жөндеулерге және басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасының;

есепке алу саясаттың болуын растайтын мәлімет;

19) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімі;

20) негізгі құралдарды қайта бағалаудың соңғы нәтижелері туралы мәлімет;

21) негізгі құралдарды пайдалануға берілген мерзімдері көрсетілген амортизациялық аударымдардың есебі;

22) Ерекше тәртіпке сәйкес тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескерілмейтін нақты жұмсалған шығыстар туралы мәліметтер;

23) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарланған көлемдерін (ниет хаттамаларын, шартты, жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндетінің қағидатына сүйене отырып, тауарлар өндірісі көлемінің есебін және табиғи монополия субъектілерінің мүмкіндіктерін, немесе тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жоғары деңгейін қолдау мақсатында, өндіріс көлемдерін төмендетуге жол бермеуді, тұтынушы сұранысын маркетингтік зерттеулер материалдарын) растайтын құжаттар;

24) табиғи монополия субъектісінің жобалық қуаты туралы және оны нақты пайдалану туралы деректер;

25) Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес осы Ереженің 2-27 және 29-қосымшаларында көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаның жобасы;

26) реттеліп көрсетілетін қызметтерден (тауарлардан, жұмыстардан) түсетін таза табысты (пайданы) пайдалану туралы ақпарат;

27) амортизациялық аударымдарды пайдалану туралы ақпарат;

28) уәкілетті орган белгілеген шама мен мерзімге және экономикалық тиімділіктің деректері мен есебін қамтитын өтінімді қарау кезеңінде қолданылатын нормативтен тыс ысыраптар болған кезде оларды жою жөніндегі, сондай-ақ нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспары (электр энергиясын және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) тарату, су шаруашылығы жүйесі, мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау, тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбыржолдары және (немесе) газ таратушы жүйелер арқылы тасымалдау, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілері ұсынады);

29) қаржылық және техникалық сараптама қорытындылары қоса беріледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

8-1. Инвестициялық тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекітуге арналған өтінімге:

1) бекітілген инвестициялық бағдарлама (жоба);

2) алынып тасталды;

3) қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда есептеу;

4) пайданы бөлу туралы ақпарат;

5) құзыретті орган растаған ұсынылатын қызметтердің жоспарланып отырған көлемдері;

6) табиғи монополия субъектісінің жобалық қуаты туралы мәліметтер;

7) ақша ағысын бөлу туралы ақпарат;

8) инвестициялық тарифтің (бағаның, алым ставкасының) жобасы қоса беріледі ;

9) Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес осы Ереженің 2–27 және 29-қосымшаларында көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаның жобасы.

Ескерту. 2-бөлім 8-1-тармақпен толықтырылды, өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.29 N 108-НҚ, 2006 жылғы 7 наурыздағы N 66-НҚ, 2010.04.30 N 137-НҚ Бұйрықтарымен.

8-2. Төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметаны бекітуге берілген өтінімге:

1) азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметаны бекітудің себептері көрсетілген түсіндірме жазба;

2) осы Ереженің 30-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес тарифтік сметаның жобасы. Бұл ретте стратегиялық тауарлардың құнын арттырған жағдайда тарифтік сметадағы стратегиялық тауарларды пайдалануды қамтитын шығын бабы ғана түзетіледі;

3) азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметаны бекіту қажеттігін растайтын құжаттар.

Стратегиялық тауарлардың құнын арттырған жағдайда, сатып алынатын стратегиялық тауарлардың құнын арттыруды, азаматтардың өміріне, денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне қатер төндіретінін растайтын құжаттар (конкурстық құжаттама, тауарларды сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері, шарт, шот-фактуралар, шығын деңгейін есептеу), алдағы кезеңге бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар, тарифтерді төтенше реттеуші шаралар ретінде бекітуге өтінім беруге стратегиялық тауарлар құнының өзгеруі себеп болып табылатын, оның шығыс нормаларының бар екендігі туралы ақпаратты.

Ескерту. 2-бөлім 8-2-тармақпен толықтырылды, өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.05.31. N 148-НҚ, 2010.04.30 N 137 - НҚ Бұйрықтарымен.

8-3. Су шаруашылығы жүйелері аясында реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тұтыну көлемі бойынша сараланған тарифті бекітуге арналған өтінімге:

1) осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген құжаттар;

2) су шаруашылығы жүйелері салаларындағы қызметтердің реттеліп көрсетілетін жеке тұлғалардың суды тұтыну көлемінің негізделген шамасының жобасы ;

3) су шаруашылығы жүйелері салаларындағы қызметтердің реттеліп көрсетілетін жеке тұлғалардың суды тұтыну көлемінің негізделген шамасының е с е б і ;

4) өтінім берудің алдындағы төрт тоқсан үшін немесе алдыңғы күнтізбелік жыл үшін текше метрдегі (м3) тұтынушылар топтарының бөлінісінде (оның ішінде тұрғындардың, бюджеттік ұйымдардың, жылуэнергетика саласындағы мекемелердің, басқа заңды тұлғалардың) суды тұтыну көлемі бойынша ақпарат;

5) суды жеке есепке алу аспабы жоқ абоненттер үшін өтінім берудің алдындағы төрт тоқсанға немесе алдыңғы күнтізбелік жылға текше метрдегі (м3) суды тұтыну көлемі бойынша және азаматтарды тіркеу кітабында тіркелген әрбір адамның саны бойынша ақпарат;

6) суды жеке есепке алу аспабы бар абоненттер үшін өтінім берудің алдындағы төрт тоқсанға немесе алдыңғы күнтізбелік жылға текше метрдегі (м3) суды тұтыну көлемі бойынша және азаматтарды тіркеу кітабында тіркелген әрбір адамның саны бойынша ақпарат қоса беріледі.

Ескерту. 2-бөлім 8-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2010.04.30 N 137-НҚ Бұйрығымен.

9. Алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006.03.07 N 66-НҚ бұйрығымен.

10. Өтінімге қоса берілген есептер мен негіздеуші материалдар мынадай талаптарға сәйкес жасалады:

1) өтінімнің материалдары тігіледі, нөмірленеді және мөрмен және табиғи монополия субъектісі басшысының қолымен расталады. Қаржылық құжаттарға табиғи монополия субъектісінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын тұлғалар қол қояды және олар табиғи монополия субъектісінің м ө р і м е н р а с т а л а д ы ;

2) негіздеуші материалдар ретінде өтінім беруден бұрынғы төрт тоқсан ішіндегі және өткен күнтізбелік жыл ішіндегі шығындар туралы нақты деректер ұ с ы н ы л а д ы ;

табиғи монополия субъектісі өтінімді қарауға қабылдағаннан кейін күнтізбелік 15 күннің ішінде уәкілетті органға өтінім беруден бұрынғы 4-тоқсан ішіндегі шығындар туралы нақтыланған іс жүзіндегі деректерді ұсынады.

3) тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) арналған реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдерінің маусымдық ауытқу әсерін болдырмау мақсатында жылға арналған есептегі деректер, мұндай есеп салықтық есептің ұстанымдарымен сай келмейтіндігі жағдайын қоспағанда, негізге алынады;

4) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының), оның ішінде сараланған тарифтің жобаларын базаға есептеу кезінде өтінімдер беруден

бұрынғы төрт тоқсан ішіндегі немесе өткен күнтізбелік жыл ішіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) нақты көлемдері қ а б ы л д а н а д ы ;

5) реттеліп көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдерін төмендету кезінде төмендетуді негіздейтін және растайтын материалдар ұсынылуға тиіс;

б) табиғи монополия субъектісі жүзеге асыратын қызметтердің әрбір түрі ж е к е - ж е к е д а й ы н д а л д ы .

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010.04.30 N 137-НҚ, 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Б ұ й р ы қ т а р ы м е н .

10-1. Осы Ереженің 10-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген талаптар төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым ставкасын), оның ішінде сараланған тарифті және тарифтік сметаны бекіту жағдайына қ о л д а н ы л м а й д ы .

Ескерту. 2-бөлім 10-1-тармақпен толықтырылды, өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.05.31. N 148-НҚ, 2010.04.30 N 137 - Н Қ Б ұ й р ы қ т а р ы м е н .

11. Уәкілетті орган өтінім алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдардың толықтығын тексереді және табиғи монополия субъектісін өтінімдерді қарауға қабылдау туралы немесе өтінімдерді қарауға қабылдаудан бас тарту туралы бас тарту себептерін келтіре отырып жазбаша түрде х а б а р д а р е т е д і .

Табиғи монополия субъектілерінің өтінімін қарауға қабылдаудан бас т а р т у д ы ң с е б е п т е р і :

1) өтінім берудің мерзімдерін бұзу;
2) осы Ереженің 7, 8, 8-1 және 8-3-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұ с ы н б а у ;

3) табиғи монополия субъектінде уәкілетті орган бекіткен және (немесе) келіскен және өтінімді қарау кезеңінде қолданылатын: нормативтік техникалық ысыраптардың; персоналдың нормативтік санының; шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының техникалық және технологиялық нормаларының;

штат кестесінің және әкімшілік персоналы басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің шекті деңгейінің (жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуымен заңды тұлға болып табылатын немесе жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалармен аффилиирленген табиғи монополия субъектісі);

негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеулерге және басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасының есепке алу саясатының болмауы;

4) ұсынылған құжаттардың осы Ереженің 10-тармағына сәйкес келмеуі;

5) табиғи монополия субъектісінің инвестициялық тарифті бекітуге өтінім беру жағдайларын қоспағанда, заңнамада белгіленген конкурс (тендер) өткізу туралы талаптарды, сондай-ақ өзге тәсілдермен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы талаптарды бұзу;

б) сенімді емес ақпаратты қамтитын құжаттарды ұсыну болып табылады.

Осы Ереженің 8-2-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбау төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым ставкасын), оның ішінде сараланған тарифті және тарифтік сметаны бекітуге берілген табиғи монополия субъектісінің өтінімін қарауға қабылдауға уәкілетті органның бас тартуы және бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар, тарифтерді төтенше реттеуші шаралар ретінде бекітуге өтінім беруге стратегиялық тауарлар құнының өзгеруі себеп болып табылатын, оның шығыс нормаларының болмауы үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005.03.29 N 108-НҚ, 2006.03.07 N 66-НҚ, 2007.05.31. N 148-НҚ, 2010.04.30 N 137-НҚ, 2012.06.04 № 125-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

11-1. Көрсетілген себептер бойынша өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартқан кезде табиғи монополия субъектісі бас тартылған сәттен бастап отыз күннен ерте емес өтініммен уәкілетті органға жүгіне алады.

Ескерту. 2-бөлім 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006.03.07 N 66-НҚ Бұйрығымен, жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

12. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты өтінім беруші «коммерциялық құпия» деген белгімен ұсынады және жеке мұқабада жібере алады және өтінішті қарауға арналған ақпараттар (құжаттар) пакетіне енгізіледі.

Ақпарат құрамындағы коммерциялық құпия оны уәкілетті органға ұсынудан бас тартудың негізі бола алмайды, бұл ретте мүдделі тұлғалар ақпаратты уәкілетті органға ұсыну кезінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің түбегейлі тізбесін көрсетеді не мүдделі тұлғаның коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер тізбесін бекіту туралы актісінің көшірмесін қоса береді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

3. Өтінімдерді қарау және тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту

13. Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын), инвестициялық тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын), оның ішінде сараланған тарифтер жобаларын уәкілетті органның талаптарына сәйкес экономикалық жағынан негізделген есептерді ұсынған кезде уәкілетті орган күнтізбелік елу бес күн ішінде қарайды. Тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының), инвестициялық тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының), оның ішінде, сараланған тарифтер жобаларын қарау мерзімі өтінім берілген сәттен бастап есептеледі.

Төтенше реттеуші шаралар ретінде шешім қабылдау үшін табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) жобаларын уәкілетті орган күнтізбелік он күн ішінде қарайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

14. Уәкілетті орган тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларына табиғи монополия субъектісі ұсынған өтініммен бірге негіздеуші құжаттарды және есептерді талдау, сондай-ақ қызметтің осындай түрімен айналысатын табиғи монополия субъектілері қызметінің көрсеткіштерін салыстырма талдау негізінде сараптама жүргізеді.

15. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қолданылатын тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгерткен жағдайда уәкілетті о р г а н :

1) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларына, қажет болған жағдайда бұл үшін тәуелсіз сарапшыларды, мемлекеттік органдарды, тұтынушыларды және олардың қоғамдық бірлестіктерін, жобаларды ұсынған табиғи монополиялар субъектілерін тарта отырып, сараптама жүргізеді.

Жария тыңдаулар өткізуді Қазақстан Республикасы Үкіметі белгіленген т ә р т і п п е н а й қ ы н д а й д ы .

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005.03.29 N 108-НҚ,

2006.03.07 N 66-НҚ, 2007.05.31. N 148-НҚ, 2010.04.30 N 137-НҚ Бұйрықтарымен.

16. Уәкілетті орган қажет болған жағдайда табиғи монополия субъектісінің қызметі туралы қосымша ақпаратты оны ұсыну мерзімін көрсете отырып құзыретті органдардан және табиғи монополия субъектісінің өзінен сұратады.

Табиғи монополия субъектісі талап еткен ақпаратты уәкілетті орган белгілеген мерзімде ұсынбаған немесе оларды толық көлемде ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде негіздемесіне ақпарат ұсынылмаған деректерді ескермейді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

17. Уәкілетті орган жүргізілген сараптаудың нәтижелері бойынша жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

17-1. Жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту туралы шешім қабылдаған кезде уәкілетті орган бір уақытта осы Ережеге берілген 2-27, 29 және 30-қосымшаларындағы нысан бойынша тарифтік сметаны бекітеді.

Ескерту. 3-бөлім 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006.03.07. N 66-НҚ, өзгерту енгізілді - 2007.05.31. N 148-НҚ бұйрықтарымен.

18. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту және бекітуден бас тарту туралы уәкілетті органның шешімі уәкілетті органның б ұ й р ы ғ ы м е н р е с і м д е л е д і .

19. Жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын), инвестициялық тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган табиғи монополия субъектісіне олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз бес күннен кешіктірмей жолдайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) енгізу

20. Жаңа тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) және тарифтік сметалардың, оның ішінде сараланған және инвестициялық тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) қолданысқа енгізілуі тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту айынан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен б а с т а п ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Уәкілетті органның бастамашылығы бойынша бекітілген тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) қолданысқа енгізілуі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006.03.07 N 66-НҚ, 2010.04.30 N 137-НҚ Бұйрықтарымен.

20-1. Уәкілетті орган инвестициялық тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту туралы өзінің шешімінде оның қолданыс мерзімін көрсетеді.

Ескерту. 4-бөлім 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.29 N 108-НҚ бұйрығымен.

20-2. тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын), оның ішінде сараланған тарифтері және тарифтік сметаларды төтенше реттеуші шаралар ретінде қолданысқа енгізу уәкілетті орган белгілеген күннен бастап жүзеге асырылады. Бұл ретте жаңа тарифті бекіту үшін он екі айлық уақыт кезеңі бұрын бекітілген тарифті (бағаны, алым ставкасын) жалпы тәртіппен қолданысқа енгізген күннен б а с т а п б е л г і л е н е д і .

Ескерту. 4-бөлім 20-2-тармақпен толықтырылды, өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.05.31. N 148-НҚ, 2010.04.30 N 137 - Н Қ Б ұ й р ы қ т а р ы м е н .

21. Табиғи монополия субъектісі тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) өзгергені, сараланған және инвестициялық тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) бекітілгені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен к е ш і к т і р м е й ж е т к і з е д і .

Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) төтенше реттеуші шаралар ретінде өзгерткен жағдайда табиғи монополия субъектісі олардың өзгергені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жеткізеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

21-1. Табиғи монополия субъектісі бес жұмыс күн ішінде тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпаратты уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту: 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006.03.07 N 66-НҚ бұйрығымен.

22. Егер табиғи монополия субъектісі тұтынушыларды жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) енгізу туралы осы Ережеде көзделген мерзімде хабардар етпесе, онда көрсетілген тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын)

уәкілетті органның шешімінде көрсетілген күннен бастап енгізілмейді. Бекітілген тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) енгізу тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту айынан кейінгі үшінші айдың бірінші күнінен б а с т а п ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006.03.07 N 66-НҚ бұйрығымен.

23. Уәкілетті орган қажет болған жағдайда тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) төтенше реттеуші шаралар ретінде бекіту туралы шешім қабылдайды, бұл ретте осы Қағидалардың 6, 15, 19, 20, 22-тармақтарындағы т а л а п т а р қ о л д а н ы л м а й д ы .

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

24. Табиғи монополия субъектісі өтінім беру тәртібін бұзса, жалған (өтірік) материалдар мен ақпараттар ұсынса, тұтынушыларды жаңа тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) енгізу туралы хабардар етудің мерзімін бұзса, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады.

25. Уәкілетті органның өтінімді қарауға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешіміне табиғи монополия субъектісі немесе реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушы заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде шағым жасауы мүмкін.

5. Түзетпелерді ескере отырып, тарифтік сметаны бекіту

Ескерту. 5-тараумен толықтырылды, тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003.10.09 N 253-НҚ бұйрығымен, 2006.03.07 N 66-НҚ бұйрығымен.

2 5 - 1 . < * >
2 5 - 2 . < * >
2 6 . < * >

Ескерту. 25-1, 25-2, 26-тармақтар алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006.03.07 N 66-НҚ бұйрығымен.

27. Табиғи монополия субъектісі ағымдағы жылдың аяғына дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей тарифтік сметаны түзету туралы ұсыныспен уәкілетті

органға өтініш білдіреді.

Тарифтік сметаны түзету туралы ұсыныспен жүгінген кезде табиғи монополия субъектісі түзетпелерді ескере отырып, тарифтік сметаның жобасын және бекітілген тарифтік сметаға енгізілетін түзетулерді негіздейтін материалдарды уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006.03.07 N 66-НҚ бұйрығымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

27-1. Көрсетілетін қызметтердің көлемдері ұлғайған кезде және еңсерілмес күштің, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен технологиялық бұзушылықтарды жоюға немесе мемлекеттік органдардың нұсқамаларын орындауға бағытталған жұмыстардың салдарынан нормаларының ұлғайтылатын жағдайларын қоспағанда, шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының бекітілген техникалық және технологиялық нормаларын ескере отырып немесе оларға сүйене отырып белгіленген тарифтік сметада көзделген шығын баптарын түзету көрсетілген шығыс нормаларын бес проценттен астам көтерілмеген жағдайда жүзеге асырылады.

Ескерту. 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010.04.30 N 137-НҚ бұйрығымен.

28. Тарифтік сметаға қоса беріліп отырған материалдар тігіледі, нөмірленеді және мөрмен және табиғи монополия субъектісі басшысының қолымен расталады. Қаржылық құжаттарға табиғи монополия субъектісінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын тұлғалар қол қояды және олар табиғи монополия субъектісінің мөрімен расталады;

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010.04.30 N 137-НҚ бұйрығымен.

29. Уәкілетті орган тарифтік сметаны түзету бойынша құжаттарды ұсынылған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5-1. Салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып тарифті бекіту және енгізу

Ескерту. 5-1-тараумен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010.04.30 N 137-НҚ бұйрығымен.

29-1. Салыстырмалы талдау әдісі қолданылған тариф салыстырмалы талдау әдісі қолданылған тарифтің есеп-қисабы әдістемесіне сәйкес бекітіледі және Заңның 15-2-бабында көрсетілген тәртіппен енгізіледі.

29-2 Салыстырмалы талдау әдісін қолданып, тариф бекіту үшін ӨЭК жыл сайын 31 тамыздан кешіктірмей:

1) уәкілетті органға негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, өндірістік және қаржылық көрсеткіштер туралы ақпаратты (осы Ереженің 31-қосымшасына сәйкес нысан бойынша);

2) уәкілетті органға немесе табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімін жергілікті жері бойынша енгізілген оның аумақтық органдарына негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, мына ақпаратты:

өткен күнтізбелік жылдағы электр энергиясын беру және тарату бойынша көрсетілген қызметтердің нақты шығындары мен көлемдері туралы ақпаратты;

алдағы үш жылға арналған электр энергиясын беру және тарату бойынша көрсетілетін қызметтердің жоспарланып отырған шығындары мен көлемдері туралы ақпаратты;

алдағы үш жылға бекітілген инвестициялық бағдарлама (жоба) туралы мәліметтерді;

нормативтен тыс ысыраптар болған кезде оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын;

алдағы үш жылға бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар туралы мәліметтерді береді.

Ескерту. 29-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

29-3. ӨЭК тарифтің өзгеруі туралы ақпаратты тұтынушының назарына оны қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жеткізеді, төтенше реттеуші шара ретінде бекітілген тарифті қоспағанда, ол туралы ақпарат тұтынушының назарына оны қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жеткізіледі.

Ескерту. 29-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

29-4. Жаңадан құрылған ӨЭК үшін электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтердің тарифтерін есептеу Заңға сәйкес оңайлатылған тәртіппен жүргізіледі.

Бақыланбайтын шығындар өзгерген жағдайда ӨЭК уәкілетті органға электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтердің тарифтерін осы Ережеге сәйкес төтенше реттеуші шаралар ретінде бекітуге өтінім береді.

29-5. Тоқсан (жыл) қорытындылары бойынша көрсетілетін қызмет туралы ақпаратты ӨЭК осы Ереженің 32-қосымшасына сәйкес нысан бойынша есептік тоқсаннан (жылдан) кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей береді.

6. Тарифтік сметаның орындалуын бақылау

Ескерту. 6-тараумен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 9 қазандағы N 253-Н Қ б ұ й р ы ғ ы м е н .

30. Табиғи монополия субъектісі ӨЭК қоспағанда ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін уәкілетті органға реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрінің бөлінісінде өткен күнтізбелік жылға бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы есепті береді.

Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 108-НҚ, 2010.04.30 N 137-Н Қ Б ұ й р ы қ т а р ы м е н .

31. Тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке субъект өткен күнтізбелік жылдың мынадай материалдарын:

1) осы Ереженің 28-қосымшасында көрсетілген кестенің қосымшасымен тарифтік сметаны орындамау себептерін түсіндіре отырып оның орындалуы туралы түсіндірме жазбаны;

2) бухгалтерлік балансты;

3) пайдалар мен залалдар туралы есеп;

4) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылған жазбасын;

5) капиталдағы өзгерістер туралы есеп;

6) ағымдағы, күрделі жөндеулер мен басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығын сметаларын іске асыру туралы мәліметтерді;

7) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу бойынша конкурстық (тендерлік) комиссиялар шешімдерінің көшірмелерін;

8) тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) ұсынылатын төмендету коэффициенттері туралы ақпаратты;

9) уәкілетті органның құзыреті шегінде нақты шығындарды растайтын басқа да материалдарды қоса береді.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 108-НҚ, 2010.04.30 N 137-НҚ, 2012.09.14 № 234-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

31-1. Тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке қоса беріліп отырған материалдар тігіледі, нөмірленеді және мөрмен және табиғи монополия

субъектісі басшысының қолымен расталады. Қаржылық құжаттарға табиғи монополия субъектісінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын тұлғалар қол қояды және олар табиғи монополия субъектісінің мөрімен р а с т а л а д ы .

Ескерту. 31-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010.04.30 N 137-НҚ бұйрығымен.

32. Уәкілетті орган тарифтің, оның ішінде сараланған тарифтің және түзетулер ескерілген тарифтік сметаның жобасын және (немесе) тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті қарау кезінде жария тыңдаулар өткізуге қ ұ қ ы л ы .

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010.04.30 N 137-НҚ бұйрығымен.

